


Дезинтегратор дегеніміз ішінде әртүрлі үдерістер жүретін үгітіп-араластыратын қондырғы. Дезинтегратор (сурет 16) бірнеше саусақ тәрізді қатарлары бар бір-біріне қарама-қарсы орналасып айналатын екі ротордан тұрады. Бір себет саусақтар қатары басқасының қатар араларына орналасқан. Материал бөлшектері (қатты да, сұйық та) орталықтан бірінші саусақтар қатарына түскенде жылдамдық алып (шамамен 200м/с) ортадан тепкіш күшімен осы саусақтар қатар траекториясынан қарама-қарсы бағытта қозғалып жатқан саусақтар қатарына (сурет 17) лақтырылады. Осылайша, ұрылу жылдамдықтары соммаланып, диспергирлеу, деформациялану және активтелу үдерісін туғызады.



Сурет 17 – Дезинтегратордың сұлбалық түрі

- 1-дезинтегратор тұрқы; 2-үгіткіш мүшелері (роторлар);
3-дезинтегратор жетегі.

Қарама-қарсы бағытта жүріп жатқан екінші саусақтар қатарынан өткен материал бөлшектері осы қатардан соққы алып орталықтан үшінші жатқан қатарға өтеді және т.б. Осындай алма-кезек қарама-қарсы қозғалыс материалдар дезинтегратордан шыққанша жалғаса береді; дезинтеграторды өткеннен кейін материал үздіксіз үгітіліп араластырылады. Ұсақ бөлшектерге үгітетін басқа қондырғылардан басты айырмашылығы соққылар жылдамдығы жоғары болу (400 м/с және одан да жоғары) себебінен реакциялық жылдамдығы үлкен.

Келтірілген мағлұматтардан шығатын негізгі түйін қатты материалдарды және сұйық жүйелерді механикалық активациялау эффектісін пайдалану кезінде, келесі үдерістер нәтижесінде құрамы өзгеріп осы денелердің ішкі энергияларының жиналуы, реакциялық мүмкіншіліктері өсіп және бірқатар химиялық және физикалық қасиеттерінің өзгерісі (жоғары дисперстілік гидрофильділік, сорбциялық және иондық алмасуға қабілеттілік) болуы мүмкін.